

**ЖАСЫ ЕГДЕ ТАРТҚАН АДАМДАРДЫҢ АРТЕРИАЛДЫҚ ҚАНҚЫСЫМЫН БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН САРАПТАУ**

Егде жастағы науқастар арасында, жас жастағы адамдарға қарағанда қан қысымының жоғарылауы жиі кездеседі. Бұл организмнің жас ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, әр түрлі ілеспелі ауруларға да байланысты. Осылайша, осы категориядағы пациенттердің арасында артериалды қан қысымды үздіксіз тұрақты бақылау, дәрігердің ұсынымдарын орындау маңызды екені төмен бағалайды, және бұл науқастың өміріне қауіп төндіретін әр түрлі асқынуларды әкеледі.

**Түйінді сөздер:** Егде адамдар, аурушаңдық көрсеткіші, артериальдық гипертензия.

**Тақырыптың өзектілігі:** Барлық ақпараттық құралдардың қарыштап дамып тұрған қазіргі замандағы адамдардың денсаулығында қаншалықты дәрежеде болмасын ақау пайда бола қалған сәтте туындаған мәселенің алдын алуға қатысты емдік шаралар дәрігердің көмегінсіз-ақ тез арада табыла қалу мүмкіндігі аса жоғары екендігі барлығымызға белгілі. Алайда, осы мүмкіндіктерді пайдаланмыз деп, ауруын асқындырып алып жататын немесе дұрыс диагностика болмауымен байланысты ағзадағы кері құбылыстарды туындатып жататын жағдайлардың да жиі кездесіп жататыны практикалық медицинада жылдан жылға жиілеп кездесуде. Әсіресе бұл айтылған келеңсіз жағдайлар ескі халық емін қолдану мақсатында қолдан жасалынған әр түрлі қоспалар мен ерітінділерді пайдаламыз деп ұлансып жататын, ағзаларының табиғи күресу мүмкіндігі әлсіреген егде адамдар арасында көбірек ұшырасады [1,2].

Сол себепті де, осы қолға алынып отырған жұмыстың басты мақсаты артериальдық гипертониямен есепте тұратын егде адамдардың дәрігердің нұсқауын қаншалықты дәрежеде дұрыс орындап, қаншалықты дәрежеде қан қысымын бақылап отыратынына бағытталды.

**Зерттеу әдістері мен атқарылған орыны:** Зерттеулер Алматы қаласындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қарап, емдейтін №7 емханада 2013-2014 жылғы дәрігерлік қорытындылар негізінде жүргізілді.

Артериальдық қан қысымымен дәрігердің есебінде тұратын 102 науқастың амбулаториялық картасына сараптама жасалынып, соның ішіндегі 99 науқасқа арнайы құрастырылған сауалнамалар қойылып, дәрігерлік нұсқаулықтың қаншалықты дәрежеде маңызды екендігін және емдеуші дәрігер жазып берген дәрілердің уақытылы қабылданып отыру дәрежесі анықталды.

Белгілі болған қорытындылардың барлығы арнайы құрастырылған кестелерге топтастырылып, әр топқа қатысты ортақ математикалық дәрежелер белгіленіп, нәтижелер Стьюдент әдісі көмегімен сарапталды. Кейбір сандық шамалар өзара салыстыру мәндерінің ерекшелігін көрсету мақсатында диаграммалар түрінде берілді.

**Зерттеулер нәтижесі:** Жалпы зерттеумен қамтылған науқастардың жасы 60-пен 80 аралығын қамтыса, олардың басым бөлігі әйел (55,8%) адамдар болды (кесте 1).

Кесте 1 – Зерттеумен қаңтылған ересек адамдарды жастық және жыныстық ерекшеліктеріне байланысты топтастыру нәтижесі


Топтар	60-70 жас		70-80 жас		Барлығы	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Әйел адамдар	24	23,5	33	32,3	57	55,8
Ер адамдар	18	17,6	27	26,4	45	44,2
Барлығы	42	41,1	60	58,9	102	100

Ал 60-пен 70 жас арасындағы егде адамдар жалпы зерттеумен қамтылып отырған пациенттердің 41,1% құраса, солардың арасындағы әйел адамдар 23,5%, ер адамдар 17,6% шамада болып тағыда бұл жастық топтардағы әйел адамдар санының басымдылығын байқатты. 70-пен 80 жас арасындағы жыныстық басымдылықта әйел адамдарға қатысты болып (33%) ер адамдарға қарағанда (27%) әйел адамдардың жиі-жиі дәрігерлік бақылаудан өтіп, тексеріліп отыратындықтарын көрсетті. Жалпы амбулаториялық картасы бойынша қамтылып отырған 102 науқастың 57- ( 55,8%) әйел адамдар, ал 45 (44,2%) ер адамдар болды. Барлық пациенттердің орташа жасы 70,3 шамасында тіркелінді.

Ары қарайғы жүргізілген жұмыстар барысында барлық 102 адамның 99 арнайы құрастырылған анкеталық және артериальдық гипертония ауруына қатысты сауалнамаларға жазбаша түрде жауап беру мүмкіндігіне ие болса, олардың үшеуі ғана әр түрлі себептерге байланысты бұл зерттеу әдісінен тысқары қалды.

Алған білімдеріне қатысты жинақталған мәліметтер нәтижесі орта білімділердің 64,2 %, жоғары білімді пациенттердің 35,8% екендігін көрсетті. Осы тұстап пациенттердің білімділік дәрежесі олардың артериальдық гипертония ауруымен емделу барысындағы дәрігерлік ұсыныстарды бұлжытпай орындауына ықпал етуі мүмкінбе? – деген сұрақтың шешімін табу мақсатында сарапталғандығын айта кеткеткеніміз жөн сияқты.

Сонымен, ары қарайғы зерттеулер барысында белгілі болғаны, барлық науқастардың 0,5% кейінгі бір жыл ішінде ғана артериальдық гипертензия ауруымен есепке алынғандығын айтса, ал 5,9% осы АГ ауруымен 1 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта, 30,4% - ті 5 жылдан 10 жылға дейінгі уақыт аралығында дәрігерлік есепке алынып, ұдайы ем қабылдап келе жатқандықтарын білдіртті. Артериальдық гипертензиямен есепке алынған науқастардың басым бөлігі, яғни 57,4% жиырма жылдың шамасында осы дертке ұшырап, ұдайы ем қабылдап келе жатқандықтарынан хабардар етсе, ал 5,8% жиырма жылдан артық осы дертке ұшырап, әдеттегі медициналық емдеу әдістерінен әбден шаршағандықтарын байқатты. Артериальдық гипертензия ауруының стандартты емдік әдістері жиі бұзатын адамдар да осы топ арасында жиі ұшырасатындығы (45,9%) жүргізілген сараптамалар нәтижесінде белгілі болды (сурет 1).



Сурет 1 - Пациенттердің артериальдық гипертензиямен дәрігерлік есепке алынған уақыт мерзімін жүйелеу нәтижесі (%)

Барлық науқастардың 29,7% айына бір мәрте АГ бойынша өз дәрігеріне қаралып, тиісті емін алып тұрған. Ал осы аурумен есепте тұрған науқастардың 63,5% 3 айдың ішінде бір мәрте ғана өзі емделіп жүрген емханаға келіп, дәрігердің қарауында болатындықтарын айтса, 4,9% науқас жарты жылдың ішінде бір рет қана дәрігердің көмегіне жүгінетіндіктерін, басқа уақытта өз білгендерін істеп, қас қысымын ұдайы қадағалай бермейтіндіктерін байқатты. Қалған 1,9% науқас айына 2-5 мәрте дәрігердің қарауында болып, ұдайы таблетка түріндегі емдерін жаздыртып алып, қатаң түрде қабылдап, қан қысымдарын бақылап отыратындықтарын атап өтті. Бұл топтың басым бөлігін әйел адамдар құраса (84,2%), ал үш жән алты айда бір рет дәрігерге келіп көрінетін топтың басым бөлігін керісінше ер адамдар (76,2% және 67,1% деңгеймен) құрады. Тағыда бір белгілі болғаны осы пациенттердің басым бөлігінің жас мөлшері 60-пен 70 арасында болғандығын байқадық.


Демек, артериальдық гипертензиямен дәрігерлік есепте тұратын науқастардың арасындағы өз денсаулығына қатысты енжарлық ер адамдар арасында анағұрлым басымдылықта болып, олардың арасындағы әр түрлі дәрежедегі асқынулардың пайда болуын негіз болуда. Басқалай айтқанда, жасы егде тартқан ер адамдар арасындағы артериальдық қан қысымына қатысты асқыну құбылыстарының әйелдермен салыстырғанда жиірек кездесетіндігі жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталды.

Ары қарайғы зерттеулер нәтижесі науқастардың басым бөлігінің (54,69%) үш компоненті ем қолданғанын, ал науқастардың 30,5% бөлігі екі компоненті антигипертензивты препараттардан тұратын емді қолданғандығын көрсетті. Төрт компоненті және бес компоненті ем түрлері 9,4% және 5,5% науқастар қолданған.

Жалпы анкеталық зерттеумен қамтылған науқастардың 74,2% өз дәрігерлерінің жазып берген емін қолданып, сол препараттарды ауыстыру мәселесінде емдеуші дәрігерлерімен үнемі ақылдасып отырып іске асырғанды жөн көрген.

Сонымен қатар, тіркелінген науқастардың 25,8 % дәрігердің жазып берген емдік препараттарынан басқа қосымша биологиялық белсенді препараттар, басқа да әр түрлі шөп қосындылар (фитопрепараттар) мен медициналық бағыттағы медициналық заттар (аппарат Фролова, циркониевый браслет), витаминдер қолданған.

Барлық АГ ауыратын науқастардың 38,5% тағайындалған емдік шаралардың көмегі болғандығын, 32,3% сондайлық емдік тағайындаулар нәтижесінің орташа болғандығын, 29,2% жағдайда емдік нәтиженің болмағандығын атап көрсетті (сурет 2) .



Сурет 2 – Артериальдық гипертензияға қарсы қолданылған емдік шаралардың нәтижесін сараптау

Тағайындалған емнің нәтижесіз болуын пациенттердің 49,4% дәрігер белгілеген препараттардың әсер етпейтіндігімен байланыстырса, 25,4% пайызы бұл тұста дәрігер берген тағайындауларды «дұрыс орындаған жоқпын»- деп өзін кінәлі қылуда. Сонымен қатар, осы топтағы науқастардың көпшілігі дәрігердің берген тағайындауынан басқа өз бетімен көптеген емдік шараларды қолданғандығын көрсеткен.

Солай бола тұрса да, ем тағайындап жүрген мамандарды «дұрыс емдемеген» -деп алынған нәтижелер бойынша кінәлудан аулақ болуымыз керек. Мұның басты себебі жоғарыда келтірілген деректер бойынша пациенттердің басым бөлігі өз беттерімен ем қабылдағыш болып, ауруы асқынған кезде ғана дәрігердің қабылдауына асығатындығы.

**Қорыта келгенде**, әлі де болса адамдар арасында артериальдық гипертензия ауруының негізгі белгілері мен оның асқынуларына қатысты ақпараттандыру мәселесінің төмен болып отырғанына нақты мысал бола алады. Атқарылған жұмыстар келешекте осы бағыттағы жұмыстарды жан-жақты барлық жастық топтарда жүргізе отырып, АГ ауруына қатысты дәрігер берген нұсқаулықтардың қатаң орындалуын әлі де болса терең насихаттау қажет екендігін негіздейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Долинская М.Г. Управление качеством медицинской помощи. – М.: 2009. – 328 с.
- 2 Сулейменов Б.Қ. Артериальдық гипертензияның алдын алудағы кейбір мәселелер // Гигиена және эпидемиология журналы. – 2013. - №3.- Б. 45-49.

**Л.Б. АЯГАНОВА**

*Больница скорой неотложной помощи г. Алматы*

#### **ИЗУЧЕНИЕ ВАЖНОСТИ КОНТРОЛЯ АРТЕРИАЛЬНОГО ДАВЛЕНИЯ У ПАЦИЕНТОВ ПОЖИЛОГО ВОЗРАСТА**

**Резюме:** Пациенты пожилого возраста более подвержены к повышению артериального давления, чем люди молодого возраста. Это объясняется не только возрастными особенностями организма, но наличием различных сопутствующих заболеваний. Тем самым, среди пациентов данной категории частенько отмечают низкая оценка понимания необходимости постоянного контроля АГ, выполнения рекомендаций врача, что и приводят к различным осложнениям угрожающее жизни больного.

**Ключевые слова:** артериальная гипертензия, пожилой возраст, показатель заболеваемости.

**L.B. AYAGANOVA**

*EMERGENCY HOSPITAL OF ALMATY*

#### **A STUDY OF THE IMPORTANCE OF BLOOD PRESSURE CONTROL IN THE ELDERLY**

**Resume:** Elderly patients are more prone to high blood pressure than people of a young age. This is due to the age characteristics of outputting not only the body, but the presence of various comorbidities. Thus, among the patients of this category often have a low estimation of understanding the need for constant monitoring of hypertension, the recommendations of the doctor, which leads to various complications threatening life of the patient.

**Keywords:** arterial hypertension, advanced age, the incidence rate.